

«УМС» КҚ Зертханалық медицина, патология және генетика КАД Клиникалық академиялық департаментінің директоры Matthew N Tanko

БЛИЦ-СҰХБАТ



«УМС» КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ШЕҢБЕРІНДЕ КЛИНИКАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТЕР (БҰДАН ӘРІ - КАД) ҚҰРЫЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ОЛАРДЫҢ БІРІ – ЗЕРТХАНАЛЫҚ МЕДИЦИНА, ПАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАД. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРСЕҢІЗ.

Зертханалық медицина, патология және генетика клиникалық академиялық департаменті «University Medical Center» корпоративтік қорын қайта құру шеңберінде құрылды. Ресми түрде ол 2021 жылдың қаңтарында құрылған.

Зертханалық медицина, патология және генетика КАД құрамында үш бөлімше бар:

1. Зертханалық медицина бөлімі
 - a. Клиникалық-диагностикалық зертхана
 - b. Микробиологиялық зертхана
 - c. Шұғыл зертхана
2. Патологиялық анатомия бөлімшесі
3. Клиникалық-генетикалық диагностика бөлімшесі

Әр бөлімде меңгеруші, ал «Зертханалық медицина, патология және генетика» КАД әр секциясында - бағдарлама меңгерушісі бар.

Зертханалық медицина, патология және генетика КАД қызмет көрсету аясы кең. Атап айтқанда, **Зертханалық медицина бөлімі:**

Клиникалық- диагностикалық зертхана	Микробиологиялық зертхана	Шұғыл зертхана
1. Гематологиялық зерттеулер 2. Биохимиялық зерттеулер 3. Гемостазды зерттеу 4. Жалпы клиникалық зерттеулер 5. Молекулалық биологиялық зерттеулер 6. Иммунологиялық зерттеулер 7. Иммунофенотиптеу 8. Цитологиялық зерттеулер	1. Микробиологиялық зерттеулер 2. Серологиялық зерттеулер 3. Санитариялық зерттеулер	1. Жіті және шұғыл жағдайларды талдау

Патологиялық анатомия бөлімшесі:

Хирургиялық патология немесе секциялық биопсия; интраоперациялық материалдың экспресс биопсиясы; ашу қызметтері; операциялық материалды иммуногистохимиялық зерттеу; өңірлік клиникаларға консультациялық көмек көрсету.

Клиникалық-генетикалық диагностика бөлімшесі

Генетика бойынша кеңес беру, оның ішінде босанғанға дейінгі кеңес беру және жүктілікті жоспарлау бойынша кеңес беру; Цитогенетикалық және молекулалық талдау, оның ішінде стандартты цитогенетикалық тест, ПТР, qPCR, MLPA сияқты молекулалық генетикалық тест, фрагментті талдау, FISH.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ МЕДИЦИНА, ПАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКА КАД АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазіргі уақытта Зертханалық медицина, патология және генетика КАД келесі қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмысын жалғастырып келеді:

- жабдықты жаңарту және техникалық қызмет көрсетуді оңтайландыру;
- Реагенттер мен шығын материалдарын сатып алу бойынша қызметтерді оңтайландыру және жеделдету;
- жаңа технологияларды енгізу және талдау сапасын барынша арттыру;
- көптеген зертханалық талдаулар үшін ұлттық және халықаралық аккредитациядан өту, мысалы, ISO-15189-2015;
- ілеспе қызметтерді рентабельді тәсілмен орталықтандыру;
- UMC-ден тыс қызметтерге қол жетімділікті кеңейту арқылы нарық үлесі мен биоматериалдар көлемін арттыру. Бұл бастаманы қазіргі уақытта Зертханалық медицина, патология және генетика КАД және Ішкі медицина КАД әзірлеуде.

Зертханалық медицина, патология және генетика КАД ұзақ мерзімді мақсаттары үшін UMC Білім және ғылым департаменті үйлестіретін 024 республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде жаңа бағыттар мен технологияларды кейіннен іске асыра отырып, жергілікті және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа ұмтылып отыр.

Осы ынтымақтастық орнату үшін келесі бағдарламаларды белгіледі:

- Педиатрия КАД-мен бірлесе отырып, целиакии диагностикалаудағы көп өлшемді полимеразды тізбекті реакция (HLA-түрі DQ2 / DQ8);
- педиатриялық практикадағы генетикалық аурулар, ЭКҰ кезінде эмбриондарды қондыру алдындағы генетикалық тестілеу, сондай-ақ фармакогенетикалық талдау және онкологияда мақсатты емдеуде кейіннен іріктеу үшін ДНҚ секвенирлеудің жоғары өнімді технологиясын енгізу. Технология Педиатрия КАД-мен, Назарбаев Университетімен / National Laboratory Astana және Италиядағы Gaslini педиатриялық клиникасымен ынтымақтас-тықта жүзеге асырылатын болады;
- патологиялық анатомия зертханасында диагностика жүргізу үшін, әсіресе онкологиялық ауруларды анықтау үшін иммуногистохимиялық қызметтерді кеңейту.



Білім беру және ғылыми бағдарламаларды клиникалық практикаға интеграциялау

Зертханалық медицина, патология және генетика КАД 2019-2023 жылдарға арналған UMC КҚ стратегиялық жоспарына сәйкес бес басым бағытпен «Жетілдіру стратегиясы: болашағымызды қайта қарастыру» деп аталатын стратегиялық жоспарды әзірлеу барысында. Бұл жоспардың мақсаты – «Орталық Азияда және одан тыс жерлерде сапалы зертханалық қызмет көрсету, білім беру, биомедициналық және трансляциялық зерттеулер саласындағы озық тәжірибенің жетекші орталығына айналу».

Бес басым бағыттың бірі «зерттеу және білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру» болып табылады:

- **Зертхана мамандарына медициналық білім беруде және практикалық оқытуда озық тәжірибеге қол жеткізу** резидентура бағдарламаларының және зертханалардың ғылыми қызметкерлеріне арналған бағдарламаларды дайындау арқылы жүзеге асыру жоспарлануда. АҚШ-тың жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламасы үшін Аккредиттеу кеңесі құрған патологиялық анатомия резидентурасының бағдарламасы бекітіліп, 2021 жылдың тамыз айында басталады. Назарбаев Университетінің Медицина мектебінде (бұдан әрі - НУММ) медициналық зертханалық технологиялар саласындағы магистрлік бағдарламаны дайындау мүмкіндігі талқылануда. Біз осы бағдарламалардың барлығын халықаралық серіктестеріміздің, әсіресе Питтсбург Университетінің Медицина Мектебі мен Питтсбург Университетінің Медициналық орталығының қатысуымен іске қосатын боламыз.
- **Коллаборациялық платформаларда жүргізілетін биомедициналық және трансляциялық зерттеулерді жетілдіру.** Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Зертханалық медицина, патология және генетика КАД жақын арада арнайы зерттеу бағдарламаларын таңдап отыр: клиникалық генетика және геномика, онкология, метаболикалық бұзылулар, адам микробиомасы, сандық патология және жасанды интеллект тәрізді жетекші зерттеу бағдарламалары болады. Қазіргі уақытта UMC және Назарбаев Университетінің зерттеулерін кейіннен жүргізу үшін Ана мен бала ұлттық орталығының клиникалық базасының патологиялық анатомия бөлімшесінде НУММ-мен бірлесіп іргелі зерттеу зертханасын құру талқылануда. Қазіргі уақытта National Laboratory Astana (бұдан әрі - NLA) және Нұр-Сұлтан қаласының Ұлттық биотехнология орталығымен ынтымақтастық талқылануда. Зертханалық медицина, патология және генетика КАД Назарбаев Университетінің жоғары басшылығымен NLA зерттеу орталықтарындағы бірнеше жағдайларды генетикалық талдауға, әрі генетикалық зертхана қызметкерлерінің және кеңінен танылған НУММ және NLA зерттеушілерінің бірлескен зерттеулері үшін ең заманауи және қымбат жабдыққа қол жеткізу және көмек көрсету туралы талқылауға бастамашылық жасады. Халықаралық деңгейде Американдық клиникалық патологтар қоғамы (ASCP) жақында біздің мүше болу туралы сұранысымызды қабылдады, әрі Зертханалық медицина, патология және генетика КАД зертханалық мамандардың үздіксіз кәсіби даму ресурстарына және зертханаларды басқару және медициналық зертханаларға арналған сапаны басқару бағдарламаларын сертификаттау курстарына қол жеткізу үшін жыл сайынғы жазылым логистикасын аяқтайды. Зертханалық медицина, патология және генетика КАД Пенсильвания Университетінің Медициналық мектебінің Робертсон геномдық зертханасымен бірлескен зерттеу жобасын жүзеге асыру үшін ықтимал гранттық өтінімді талқылау барысында.



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?

Қазіргі уақытта Зертханалық медицина, патология және генетика КАД екі қаржыландырылған жоба бар, олар жақын арада аяқталуы керек.

- **Перинаталдық және нәресте өлімінің себептерін анықтау үшін тін сынамаларын алудың ең аз инвазивті әдісінің валидациясы: Қазақстан тәжірибесі.** Билл және Мелинда Гейтс Қоры қаржыландырады. Қаржыландыру сомасы: 50 000 АҚШ доллары. PI: Мэтью Танко. Бұл НУММ және UMC дәрігерлерімен бірлескен зерттеу бағдарламасы.

- **ДНҚ жеткіліксіз репарациямен колоректальды ісіктің клиникалық-патологиялық ерекшеліктері мен иммуногистохимиялық сипаттамалары.** Қаржыландыру сомасы: \$ 10,000,00, PI: Мэтью Танко. Сондай-ақ, НУММ-нің бірнеше студенттік жобалары бар, оларға бөлімше дәрігерлері бақылау жүргізіп, жетекшілік етеді.

БҰЛ ЖАСАЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

UMC КҚ-ның мақсаты «елімізде және өңірлерде пациенттерге жоғары сапалы, медициналық және экономикалық тұрғыдан тиімді көмек көрсету үшін үлгілі және алтын стандарт ретінде қызмет ететін алғашқы интеграцияланған академиялық медициналық орталықты құру арқылы Қазақстанның денсаулық сақтау саласын жақсарту мен жаңғыртуда көшбасшы болу».

Менің ойымша, Зертханалық медицина, патология және генетика КАД әрекеттері осы мақсатқа сәйкес келеді. Жақын арада UMC тек елде ғана емес, халықаралық деңгейде де озық тәжірибе орталығына айналады. Елдегі медициналық қызметтер дамыған батыс елдерінің денсаулық сақтау қызметтерімен бәсекелес болуы мүмкін, өйткені біз жетілдіру жолында нақты дәлелдерге сүйенетін боламыз. Сонымен қатар, пациенттерді шетелге жіберу саны едәуір қысқарады, осылайша жеке адамдар, отбасы және жалпы мемлекет үшін денсаулық сақтау шығындары азаяды.

Медициналық мамандарды нақты деректерге негізделген және нәтижеге бағдарланған оқу бағдарламалары бойынша оқыту арқылы елдің денсаулық сақтау жүйесінде жергілікті деңгейде және халықаралық стандарттар негізінде пациенттерге медициналық көмек көрсететін халықаралық деңгейде құзыретті мамандар тобы құрылатын болады.

СҰХБАТ БЕРГЕНІҢІЗ ҮШІН РАХМЕТ!

